

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

М.Қ. МӘМБЕТОВА

РЕСМИ-ІСКЕРИ
ТІЛДЕГІ КЛИШЕ
ТҰЛҒАЛАР

Монография

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ББК 81.2 – 923

М 18

*Баспаға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті филология және әлем тілдері
факультетінің Ғылыми
кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:

*филология ғылымдарының докторы, профессор Мадиева Г. Б.
филология ғылымдарының докторы, профессор Күзекова З.
филология ғылымдарының докторы, профессор Азаматова А. Х.*

Мәмбетова М.Қ.

М 18 Ресми-іскери тілдегі клише тұлғалар. – Алматы:
Қазақ университеті, 2019. – 174 б.

ISBN 978-601-04-4276-4

Монографияда ресми-іскери тілдің қалыпқа түсіп, дамығандығының бірден-бір белгісі болып саналатын клише тұлғалары сипатталып, өзіне тән терминдік ерекшелігі сараланады. Күрделі даму үдерісін өткерген ғасырлардың жемісі ресми-іскери стильдің айрықша стильжасаушы белгісі клише тұлғаларына қазақ тілі материалы бойынша семантикалық-құрылымдық тұрғыдан талдау жасалады.

Кітап филолог мамандарға, оның ішінде лингвистика мәселелерін, ресми-іскери тілді, клише құбылысын зерттейтін оқырмандарға арналады.

ББК 81.2 – 923

© Мәмбетова М.Қ.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

ISBN 978-601-04276-4

АЛҒЫ СӨЗ

Кез келген тілде сөз, сөз тіркесі, сөйлем және тұтас прецедентті мәтін секілді тіл бірліктерінің дайын күйінде қайта қолданылуы жиі кездеседі. Мұндай бірліктерді тіл иелері сөйлеу кезінде еш қиындықсыз қайталап, оп-онай қолдана алуы психолингвистикалық ақиқат тұрғысынан айқындалады. Тіл бірліктерінің мұндай қасиеті көптеген тілдік феномендерді біріктіреді, алайда олардың ішінде сөйлеу стереотиптері, идиома, шаблон, фразеологизм, штамп, стереотиптенген оралымдар және т.б. айрықша орын алады. Бұлар өз кезегінде паремия, қанатты сөз, цитата, афоризм, максима, дәстүрлі формулалармен төркіндес келеді. Мұндай бірліктерді қолдану қандай да бір тіл иесінің «бөтен еместігін» дәлелдеп, оның белгілі бір социум немесе қарым-қатынас саласына жататындығын көрсетеді.

Аталған тіл бірліктерінің табиғаты әр түрлі тілдерге (қазақ, орыс, ағылшын, француз, неміс және т.б.), түрлі стильдер мен жанрларға (публицистикалық, ғылыми, ауызекі және т.б.) қатысты жеткілікті дәрежеде мұқият әрі жан-жақты сипатталды. Дегенмен әлі күнге дейін клишенің басқа да стандартты қайталанатын бірліктер арасындағы базалық құбылыс ретіндегі ерекшелігі және оның ресми-іскери стильдің құрылуы мен қалыптасуындағы айрықша рөлі жеткілікті зерттелмеген. Әрқилы қызметімен, күрделі табиғатымен ерекшеленетін тіл бірлігі – клишелерді зерттеу теориялық және практикалық тұрғыдан аса маңызды мәселе болып табылады.

Тіл білімінде клише деген атауға ие тілдік құбылыстың сөз болғанына да біраз уақыт болды. Тілдік клише, негізінен, фразеология және функционалдық стилистика